Орталық атқарушы органдардағы кейбір кадр мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2002 жылғы 31 қаңтар N 3-ө

Қазақстан Республикасының K951000_ Конституциясы 70-бабының 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілеттігін тоқтатуына байланысты:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін орталық атқарушы органдардың (бұдан әрі - мемлекеттік органдар) басшылары:

1) "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Z990453_ Заңының 26-бабы 5-тармағының күшіне орай отставкаға кету құқығы бар және отставкаға беруге міндетті, мемлекеттік органдардың басшылары орынбасарларының, ведомстволардың басшылары мен олардың орынбасарларының орнынан түсуі жөніндегі рәсімдерді қамтамасыз етсін;

2) бір апта мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

мемлекеттік органдардың басшылары орынбасарларының, ведомстволардың басшыларының қызметтеріне кандидаттарды тағайындауға ұсыныстарды;

ведомстволардың басшылары орынбасарларының қызметтеріне кандидаттар жөнінде ұсыныстарды жіберсін.

2. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК